

БЕКІТЕМІН

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің
Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі
проректор А. Тұрлыбек



20 24 ж

**Музейдің 2024-2025 ж.
жарты жылдық есебі**

2024-2025 ж оқу жылының бекітілген жоспары бойынша музейге келген танымал тұлғаларға, студенттерге, мектеп оқушыларына экскурсия, түрлі көрмелерін, видеороликтерін түсірудегі іс-шаралары атқарылуда.

Өңіріміздегі білім ошағының имеджін көтеретін тағы бір дәлеліміз ол университет музейі. Мұндағы көрсетіліп баяндалатын өлкеміздің тарихын жетік білу, қазіргі таңда өте қажет. Білім саласының дамуы мен қатар қазіргі жастардың мәдени деңгейін көтеру үшін де мемлекет өз тарапынан қолдау көрсетуде. Университет музейі де дәл осындай бағытта жұмыс жасауда. Себебі, өткенді білмей – болашақтан бастау ала алмаймыз.

М.Х.Дулатидің өмірбаяны, ауыр балалық шағы, өскен ортасы мен ұстазы Бабырдың тәрбиесінде болғандығы туралы құнды, тарихи мәліметтерге сүйене отырып, лекциялары оқу жылының қыркүйек айынан бастап таныстырылып, айтылды. Бағамыздың еңбектерінің түп нұсқалары парсы тілінде жазылғандықтан, оны белгілі дулаттанушы ғалымдарымыз зерттеп аударатындығын айта кетуге болады.

Мұхаммед Хайдар Дулати бағамыздың өмірі мен шығармашылығы, Үндістандағы Кашимир штатының Сринагар қаласындағы бағамыздың жерленген зиратынан топырағы әкелініп қойылғандығы жайындағы материалдар мол жинақталған. Оны әлемге танытқан еңбектері «Тарих-и Рашиди», «Жаханнаме» кітаптары қойылғанын, университетімізде Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары мен бабаға арналған портреттер, фотостендтер, тарихи карта, естеліктер, альбомдар да осы музейден орын алған.

«Туризм және севрис» мамандығының 1 курс студенттері мен кураторы орыс тобынан 10 студент және қазақ тобынан 18 студенттер келіп тамашалады.



17.09. 2024 ж. «Қаржы» мамандығының 1 курс студенттері музей ішін тамашалады.



Дулати университетнің қабырғасында «Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлім» және «Қаржы және есеп» кафедрасының ұйымдастыруымен Жамбыл жеңіл және білім алған 1974 жылғы түлектердің 50 жылдық салтанатты кездесуі өтті. Кездесу барысында түлектер Басқарма төрағасы – ректор Мұхтар Байжұманов пен бірқатар қатысушыларға «Ыбырай Алтынсарин» мерекелік алтын төсбелгісі мен Құрмет грамоталарын табысталды. Сонымен қатар, оқу орнымызға кітаптар мен мұражайға «1974 жылғы сынақ кітапшасын» сыйға тартуы музей төрінен орын алды.





Астанадағы Абай телеарнасынан арнайы келіп биылғы М.Х.Дулатидың 525 жылы толуының толуына байланысты «Дәуір даналары» атты кинофильм түсіріліп теледидар көрсетіліміне шығарылды. <https://youtu.be/kDwj3OSv0q0?si=LvJyNyCQ62jVjFAI>



18.09.24 физика және математика мамандықтары 1 курс студенттері тамашалауда.



Басқарма төрағасы – ректор Мұхтар Байжұманов «Total Energies» компаниясының бас директоры мен «Total Energy тұрақты даму мектебінің» профессор-оқытушылар құрамын қабылдады.

Қонақтарымыз бас ғимаратта орналасқан музейде М.Х.Дулатидің шығармашылығымен танысып, әйгілі тарихшының жәдігерлері мен қоғамдық қызметін сипаттайтын мұрағат құжаттар, тарихи фотосуреттер, сирек басылымдарына қызығушылық танытты. Сондай-ақ, Дулати ұжымының қонақжайлығы мен жылы қабылдауына алғыстарын білдірді.





ҚОЛЫҢМЕН ҰСТАП, ЖҮРЕКПЕН СЕЗІН!

Дулати университеті мұражайында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Қолыңмен ұстап, жүрекпен сезін!» атты «Тифломузей» жобасы аясында құнды тарихи жәдігерлерден QR-код арқылы жасақталған тұрақты бұрыш ашылды. Шараны Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының ұйымдастырды.

Жаңа жобаның тұсауын Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Аслан Еділханұлы мен №2 Көзі көрмейтін және нашар көретін «Болашақ» мектеп-интернат директоры Елмира Сауқымбекқызы кесті.



«Тифломузей» жобасының ашылуына Аслан Еділханұлы, Елмира Сауқымбекқызы, Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының бас маманы Жадыра Нұржанқызы, «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығының аға үйлестірушісі Сандуған Үсенова, Музей меңгерушісі Ақсауле Қалабаева, Кітапханалық-ақпараттық орталықтың қызметкерлері және БАҚ өкілдері, оқушылар мен студенттер қатысты.

Жобаның мақсаты – облыс әрі университет тарихымен танысуға келген әрбір мүмкіндігі шектеулі студенттерге халқымыздың ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарын терең әрі жан-жақты түсіндіруге мүмкіндіктер ашу. Кітаптан оқып, құлақпен естіген мағлұматты қолмен ұстап сезінуге, ой өрісін дамытуға ықпал ету. Мұражай экспозициясына еркін қол жеткізуге жағдай жасау.

Аслан Еділханұлы мен Жадыра Нұржанқызы сөз алып, мұражай – адамды рухани байытатын орын екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ортақ тарихымыз бен мәдениетімізді зерттеп, ғылым мен білім саласын көркейтуге ықпал ететініне сенімдерін білдірді.

Арнайы бұрышта заманауи үлгідегі QR-код қойылған экспозицияда, смартфонға жәдігердің кодын енгізу арқылы өткен шаққа саяхат жасауға болады. Осылайша, QR-код арқылы тарихи жәдігерлерді қолмен ұстап, смартфонның көмегімен тарихын тыңдау мүмкіндігі қарастырылған. Жиналған жұрт университет мұражайында орналасқан М.Х.Дулатидің шығармашылығымен танысып, әйгілі тарихшының жәдігерлері мен қоғамдық қызметін сипаттайтын мұрағат құжаттар, тарихи фотосуреттерге қызығушылық танытты. Шығармашылық факультет студенттері мен магистранттарының ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында жасаған өлкеміздің флора фаунасы, археология, нумизматика, этнография, жүн, былғары, ши, тоқыма, ағаш бұйымдарынан шыққан дипломдық жұмыстары назарға ұсынылып, көпшілік көңілінен шықты.

Оқу ордамызда білім нәрімен сусындап жатқан жастардың ынтымақтастық көкжиегін кеңейтуге, халқымыздың ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарын жаңаша бағытта зерделеуге мүмкіндіктері бар. QR-код арқылы жасақталған тұрақты бұрыш студенттердің сапалы білім алуына себепші болары анық.



Дулати университетіне АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Дэниел Розенблом мырза ресми сапармен келді. Делгация құрамында Бас консул

Мишель Еркин, Қоғаммен байланыс жөніндегі көмекші Деже Джури Холмс, Координаторлар Ерасыл Толеугазинов және Анар Хамзина болды.

Қонақтарымыз бас ғимаратта орналасқан музейінде М.Х.Дулатидің шығармашылығымен танысып, әйгілі тарихшының жәдігерлері мен қоғамдық қызметін сипаттайтын мұрағат құжаттар, тарихи фотосуреттер, сирек басылымдарына қызығушылық танытты. Сондай-ақ, Дулати ұжымының қонақжайлығы мен жылы қабылдауына алғыстарын білдіріп, білім ордасы алдағы уақытта да биік белестерді бағындыратынына сенім білдірді.



МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДІҢ 525 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АПТАЛЫҚ

Университет қабырғасында тарихшы, ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің 525 жылдық мерейтойына орай «М.Х.Дулати мұраларының тарихи-танымдық тағылымдары» тақырыбындағы апталық басталды. Апталықты «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырды.

Апталықтың шымылдығы Мұхаммед Хайдар Дулатидің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен ашылды. Рәсімге университеттің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер және студенттер қатысты. Гүл қою рәсімінен кейін көрнекті тұлғаға құрмет көрсету мақсатында кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуді Басқарма Мүшесі Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Сейтжан Орынбаев құттықтау сөзбен ашып, үшінші қараша оқу ордамызға Дулатидің есімі берілген күн екенін тілге тиек етті. Тарихи тұлғаның ғылыми мұрасын зерттеп, оның мәдени маңыздылығын қазіргі заманмен ұштастырудың қажеттіліктерін атап өтті.

Апталық жиын барысында университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер бірқатар маңызды баяндамалар жасады.

Алғашқы болып «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, т.ғ.к., профессор Сейдахан Бақторазов «М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі тарихи-танымдық деректер» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз сөзінде, «Тарих-и Рашиди» еңбегінің қазақ тарихына қосқан құнды үлесіне тоқталып, өзіндік ой-пікірімен бөлісті.



Жамбыл облысының 85 жылдық мерей тойына: «Бесікке салу» және «Ұршық иіру» көріністерін жасай жастарға үйрету, оларға қазаки салт-дәстүрді ұмытпау есебінде



2.12.2024 ж. аралығында Жамбыл облысы Кіші Қаратау Геопаркін құру бойынша кезекті семинарына келген қонақтар:





2024 жылдың 4 желтоқсан айында Педагогика кафедрасының аға оқытушысы Т.Е.Қонақбаева ШТ 24-7 тобымен "Менің мамандығым - Менің саналы таңдауым!" атты тәрбиелік шара М.Х.Дулати атындағы университет мұражайында ұйымдастырды. Мақсат 1 курс студенттеріне университет тарихымен таныстыра отырып, педагогикалық мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыру. Мұражай маманы Қалабаева Ақсауле Тортайқызы студенттерге университет жайында тарихи тың қызықты деректер берді. Өзара пікір алмасулар орындалды. Студенттер өздерінің шығармашылықтарымен бөлісіп, мамандықтарына деген қызушылықтарын жеткізді. Болашақта білікті маман болуға өздерін даярайтындығы жайында ойлармын бөлісіп өтті. @dulaty_university, @dulaty_career_centр.

2024-2025 ж. университеттің 1-4 курс студенттері, шет елдерден, Жамбыл обл., аудан метептерінен келген қонақтар саны

№	Факультет бойынша	нақты отырған студент.	1 курс оқитындары	музейге келгені
1	«Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институты (8 кафедра)	2215	630	370
2	«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті (8 кафедра)	1735	517	530
3	«Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті (7 кафедра)	2035	402	620
4	Жаратылыстану ғылымдары факультеті (5 кафедра)	1500	458	611
5	Технологиялық факультет (8 кафедра)	2182	626	540
6	«Экономика және құқық» факультеті (6 кафедра)	1255	388	620
7	«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті (4 кафедрасы)	937	336	226
8	Қаратау тау-кен технологиялық колледж	353	90	55
10	Жамбыл облысымыздың қалалары мен аудандарынан келген мектеп оқушыларының профферентациялық жұмыстар бойынша келіп танысқандар саны	200	200	200
11	Шетелден келген қонақтар	86	86	86

Барлығы		3831	

2024 жылдың 18 қазан күні сағат 12:00-де М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде білім беру ұйымдарының кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру, жауапты әдіскерлер мен мамандарға әдістемелік қолдау көрсету және кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу мақсатында «Білім беру ұйымдарындағы кәсіби бағдар беру жұмысын сапалы ұйымдастыру» барысындағы экскурсияға келген қонақтар саны:

№	Жамбыл облысының аудандары, қаласы	Оқушы саны	Ата-ана саны	Мұғалімдер саны
1	Байзақ ауданы	11	6	4
2	Жамбыл ауданы	5	1	4
3	Жуалы ауданы	22	12	6
4	Меркі ауданы	18	7	6
5	Т.Рысқұлов ауданы	25	5	5
6	Қордай ауданы	12	3	6
6	Тараз қаласы	159	32	45
7	Тараз қаласы № 35 орта мектеп	43	1	2
	Барлығы	252	66	76
	Жалпы саны		440	

Жылшы сырттан келген қонақтар саны 2024

№	Сырттан келген қонақтар	саны
1	Есеп және аудит мамандығын бітірген түлектер	35
2	Көз көрмейтін зағип жандар келді	18
3	Ардагерлер, зейнетке шыққан қызметкерлер	19
4	шетелдерден келген қонақтар	
	Барлығы:	86

Жалпы 2024-2025 ж аралығында – **4271** адам экскурсия тамашалауға музейге келді.

Міне, осы орайда керуеннің басты мақсаты – ұлттық тарихи сананы қалыптастыру, көпшілікке тарихи тұлғалардың өмірін, еңбектерін және тарихи мұраларын таныстыру, жастарды Отансүйгіштік, елге деген сүйіспеншілікпен құрмет сезімін ояту, сондай-ақ салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау. Аталған керуенге жыл бойына ең үздік, спортта, шығармашылықта жақсы нәтиже көрсеткен үздік студенттері келіп, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетіміз Жамбыл облысымыздағы білім ошағы ғана емес үлкен мәдени орталық екендігінің дәлелі ретінде - университет тарихынан сыр шертетін музей ішін аралап экскурсия жасалынды. Бүгінгі таңда музей мәдени институт мәртебесіне ие болып, халықтың білім деңгейін арта отырып, оларға эстетикалық тәрбие берудегі басты факторының біріне айналған. Музейге қарап, оның Тараз өңіріндегі халықтың тыныс-тіршілігінен толықтай мәлімет алып, қыр-сырын тануға болатынын, біздің болашақ жастарымыздың өркениеттілігінің белгісі екендігіне көз жеткізулері де дәлелі.

Музей меңгерушісі:  А. Қалабаева